

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің және оның облыстық аумақтық инспекцияларының ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 20-04/518 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 қазанда № 9810 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 5 маусымдағы № 18-5/520 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 05.06.2015 № 18-5/520 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 3-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және 29-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті туралы ережесі;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Алматы облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

5) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Атырау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

6) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Шығыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

7) осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Жамбыл облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

8) осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

9) осы бұйрықтың 9-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қарағанды облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

10) осы бұйрықтың 10-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қостанай облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

11) осы бұйрықтың 11-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

12) осы бұйрықтың 12-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Маңғыстау облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

13) осы бұйрықтың 13-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Павлодар облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясы туралы ереже;

14) осы бұйрықтың 14-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже;

15) осы бұйрықтың 15-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті және оның облыстық аумақтық инспекциялары осы бұйрықты іске асыру жөнінде барлық қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр А. Мамытбеков
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 0 қ а з а н д а ғ ы
№ 2 0 - 0 4 / 5 1 8 б ұ й р ы ғ ы н а
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыреті шегінде орманшаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында атқарушылық, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган және в е д о м с т в о б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

3. Комитет Министрлікке ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекеменің

ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Егер Комитетке заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуына құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің заңды орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8-үй, «Министрліктер үйі» әкімшілік ғимараты.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәселесіне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге Комитетке тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен оған табыстар әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, мұндай қызметтен алынған табыстар мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері -орман шаруашылығы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

14. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген құзыреті шегінде мемлекеттік орман қорын иелену мен пайдалануды жүзеге асырады;

2) орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және

орман өсіру мәселелері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органдарын, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарын үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстарды әзірлеуге және оны іске асыруға қатысады;

4) орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, орман селекциясы және орман тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеуді және жобалау-іздігіру жұмыстарын ұйымдастырады;

5) орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыруды және орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, өзінің функционалдық қарамағындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;

6) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының орман шаруашылығымен айналысатын құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша есебін т ы ң д а й д ы ;

7) ормандарды орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының, екпелердің табиғи, антропогендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден қурап-солып қалуының, таралуының алдын алу, олардың есебін жүргізу мен болжаудың дәлдігі жөніндегі шаралардың дер кезінде қабылдануына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

8) кеспеағаштардың бөлінуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады ;

9) Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату мен ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

10) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарындағы күзет режимдерінің сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

11) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуына, орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларының сақталуына, тұқымбақтар шаруашылығының жүргізілуіне мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады ;

12) орман қоры жерлерінің олардың нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуына және осы жерлердің қорғалуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады ;

13) құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникацияларды тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

14) орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандардың өсімін молайту және орман өсіру, орман селекциясы және орман тұқым шаруашылығы саласындағы ғылыми-техникалық даму бағыттарын айқындайды, ғылыми-зерттеулер және жобалау-іздігіру жұмыстарын ұйымдастырады;

15) орман орналастыру жобаларын бекітеді;

16) мемлекеттік орман қоры аумағында ағаш кесудің жыл сайынғы көлемдерін бекітеді;

17) орман тұқымдарын аудандастыруды бекітеді;

18) мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі есептік кеспеағаш аймағын және ағаштың кесілетін жасын бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген санатқа жатқызылған түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсаттар береді;

20) мемлекеттік орман қоры аумағында орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, ормандардың және орман орналастырудың мемлекеттік мониторингін жүргізуді қамтамасыз етеді;

21) Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар береді;

22) аңшы куәлігін беру жөніндегі есептіліктің нысанын белгілейді;

23) бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды жүзеге асырады, балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды ұйымдастырады;

24) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге, жануарлар дүниесін пайдалануға, сондай-ақ жерсіндіруге рұқсаттар береді;

25) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеулер мен жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

26) жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді ұйымдастырады;

- 27) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттандыруды жүргізеді;
- 28) ғылыми ұсынымдар негізінде балықтардың міндетті түрде қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті жою мүмкін болмаған жағдайларда балықтарды мелиорациялық аулау туралы шешім қабылдайды;
- 29) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 30) су жинау құрылыстарына балықтарды қорғау құрылғыларын орналастыруды келісімдеді;
- 31) бекітілген лимиттер негізінде қоғамдық аңшылар бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарының және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің, сондай-ақ қоғамдық балық аулаушылар бірлестіктерінің және балық шаруашылығы субъектілерінің қатысуымен жануарлар дүниесінің объектілерін алу квоталарын бөледі;
- 32) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен жануарлар дүниесі объектілерін алу лимиттерінің шегінде ғылыми зерттеулер бағдарламаларына сәйкес ғылыми зерттеулер үшін жануарлар дүниесі объектілерін алу квотасын белгілейді;
- 33) зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартып отырады;
- 34) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін әзірлейді;
- 35) балық шаруашылығын жүргізуге және балық аулауға шарттар жасасады;
- 36) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды және жерсіндіруді жүзеге асыру тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;
- 37) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуын айқындау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;
- 38) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
- 39) Аң, балық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 40) Аңшылық және балық аулау қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 41) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы

нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

42) жануарларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстау тәртібінің , сондай-ақ зоологиялық коллекциялардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады ;

43) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

44) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының бұзылуы анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушының қызметін тоқтата тұрады немесе қызметіне тыйым салу туралы ұсыныс енгізеді ;

45) жеке және заңды тұлғалардың аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу шартының талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асырады;

46) жануарлар дүниесін пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

47) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама береді;

48) биологиялық негіздеменің негізінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде жүргізген балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді келісімдейді;

49) облыстың жергілікті атқарушы органының аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы ш е ш і м і н к е л і с і м д е й д і ;

50) «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 17-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын субъектілер әзірлейтін техникалық-экономикалық негіздемені және жобалау-сметалық құжаттаманы келісімдейді;

51) балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде қозғалтқыштары қосылған су көлігінің барлық түрлерінің ж ү р у і н к е л і с і м д е й д і ;

52) өзінің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, экологиялық дәліздерді құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелердің жобаларын әзірлеуді және оларды бекітуді ұйымдастырады ;

53) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

- 54) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізеді;
- 55) өзінің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқаруды, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің жүргізілуін қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 56) заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрамына кіретін су объектілерінде балық аулау көлемдерін бекітеді;
- 57) заңды тұлға мәртебесі бар республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекітеді;
- 58) табиғат қорғау ұйымының рәміздерін (эмблемасы мен туын), сондай-ақ табиғат қорғау мекемесінің рәміздерін (эмблемасы мен туын) әзірлеу және пайдалану тәртібін бекітеді;
- 59) өзінің қарамағындағы табиғат қорғау мекемелерінің ережелерін бекітеді;
- 60) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекітеді;
- 61) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді келісімдейді;
- 62) өздеріне туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелерін құрылыс объектілерін салуға пайдалануға жеке және заңды тұлғаларға рұқсаттар береді;
- 63) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде биологиялық негіздеменің негізінде заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан су объектілерінде әуесқой (спорттық) балық аулауды, мелиорациялық аулауды, ғылыми-зерттеу мақсатында аулауды, өсімін молайту мақсатында аулауды жүзеге асыруға рұқсат береді;
- 64) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемаларын, аумақтарды дамытудың өңіраралық схемаларын, қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын және экологиялық дәліздердің аумақтарын қозғайтын өзге де қала құрылысы құжаттамаларын келісімдеуді жүзеге асырады;
- 65) өздерінің қарамағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйі, оларды күзету, қорғау, пайдалану және қаржыландыру мәселелері бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың есептерін қарайды;
- 66) республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ғылыми қызметті ұйымдастырады;
- 67) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің жай-күйіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;

68) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде белгіленген жағдайларда ғана республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру жөнінде өз құзыреті шегінде ұсыныстар енгізеді;

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындалуы үшін міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Комитет төрағасы жүзеге асырады.

17. Комитетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын Төраға басқарады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет төрағасы:

1) өзінің құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

2) Министрліктің басшылығына Комитеттің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді;

3) Комитет төрағасының орынбасарларынан басқа, Комитет қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

4) Жауапты хатшыға аумақтық бөлімшелердің бірінші басшылары мен олардың орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы, сондай-ақ оларды ынталандыру және тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсынымдар енгізеді;

5) өз орынбасарларының, қызметкерлерінің, Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді және бекітеді;

6) өзінің құзыреті шегінде Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет

жасауға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауаптылықта болады;

7) Комитет төрағасының орынбасарларынан және аумақтық бөлімшелердің бірінші басшылары мен олардың орынбасарларынан басқа, Комитет қызметкерлерін ынталандырады және оларға тәртіптік жаза қолданады;

8) өзінің құзыреті шегінде іссапарға жіберу, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, ынталандыру, үстемақы мен сыйақы төлеу мәселелерін шешеді;

9) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

10) реттелетін салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөнінде ұсыныстар т ұ ж ы р ы м д а й д ы ;

11) аумақтық бөлімшелердің Комитетпен өзара іс-қимыл жасау құзыреті мен т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы ;

12) аумақтық бөлімшелер актілерінің қолданылуын жояды не толық немесе і ш і н а р а т о қ т а т а д ы ;

13) мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда сенімхатсыз Комитеттің ө к і л і б о л а д ы ;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Төраға болмаған кезде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Комитет төрағасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді.

4. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы тыйым салмаған өз қызметінің және өзге де көздердің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда) есебінен қалыптасады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

Республикасы

М И Н И С Т Р І Н І Ц Я

К а з а н д а ғ ы

б ұ й р ы ғ ы н а

2-КОСЫМША

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы (бұдан әрі - Инспекция) орман және балық шаруашылығы, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында атқару, бақылау және қадағалау функцияларын орындауға уәкілетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Инспекция Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының, «Көкшетау» және «Бұйратау» мемлекеттік ұлттық табиғи парктерінің, Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығының, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жасыл аймақ» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының, «Астана орманы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызметіне және Шығыс мемлекеттік зоологиялық табиғи қаумалының қорғалуына және Ақмола облысы әкімшілік шекарасының шегіндегі Есіл бассейнінің су айдындарында (су қорғау белдеуі мен аймағын, жағалау жиегін және санитарлық қорғау аймағын қоса алғанда) бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға уәкілетті.

2. Инспекция өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Инспекция Комитетке ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік

тілде өзінің атауы жазылған мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. Инспекция өзінің атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті болса, Инспекцияның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болады.

6. Инспекция өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Инспекция басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін ш е ш і м д е р қ а б ы л д а й д ы .

7. Инспекцияның құрылымы және штат санын Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің жалпы саны шегінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрімен келісім бойынша бекітеді.

8. Инспекцияның заңдық мекен жайы: 020000 Ақмола облысы, Көкшетау қ а л а с ы , Г р о м о в кө ш е с і , 21 .

9. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақмола облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Инспекцияны ұстауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Инспекцияның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәселесінде Инспекцияның кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға т ү с у і н е ж о л б е р і л м е й д і .

Инспекцияға заңнамалық актілер оған табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру жөнінде құқық берген жағдайда мұндай қызметтен алынған табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Инспекцияның негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері: орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

1) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша қызметін үйлестіру және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

3) облыстардың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері б о й ы н ш а е с е б і н т ы ң д а у ;

4) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ ормандардың жай-күйі мен молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды орман шаруашылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұру, шектеу, тоқтату;

5) Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы аясындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау;

6) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану үшін төлемақы ставкаларының (өсіп тұрған күйінде босатылатын сүрек үшін ставкаларды қоспағанда) өзі әзірлеген жобаларын облыстың жергілікті атқарушы органымен к е л і с і м д е у ;

7) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексерулер арқылы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

8) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарының сақталуын анықтау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

9) м ы н а ғ а н :

сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін қоспағанда, жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды ж ү р г і з у ғ е ;

екі және одан да көп облыстарда орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу мақсатында аулау үшін жануарлар дүниесін п а й д а л а н у ғ а р ұ қ с а т т а р б е р е д і ;

10) акваөсіруді дамыту үшін балық шаруашылығы су айдындарын және (

немесе) учаскелерін пайдалау жөнінде шарт жасайды;
1 1) м ы н а л а р д ы :

аңшылық алқаптарының және балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорындағы жануарлар дүниесінің өсімін молайтуды және мемлекеттік есепке алуды;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ғылыми зерттеулер мен жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді;
жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді;

балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді;

12) зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартып отырады;

13) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтама береді;

14) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасайды ;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастықты және халықаралық келісімдер мен шарттарды;

бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру мақсатында аулауды;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді іске асырады;

1 5) м ы н а л а р д ы :

су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды;
аңшылық алқаптарды, балық шаруашылығының су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру туралы облыстың жергілікті атқарушы органының шешімін ;

балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде балық аулауға тыйым салынған кезеңде, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған жерлерде, двигательдері қосылған су көлігінің барлық түрлерінің жүруін;

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 17-бабы 1 - және 2-тармақтарында көрсетілген шаруашылық және басқа қызметті жүзеге асыратын субъектілер әзірлейтін, техникалық-экономикалық негіздеме мен жобалау-сметалық құжаттаманы ;

жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде биологиялық негіздеменің негізінде бекітіп берген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде балық шаруашылығы мелиорациясын, балық ресурстарының

және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын
т ү з е т у д і ;

дала кеміргіштерін қыру кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыру індеті мен
басқа да аурулары жағдайларында улы химикаттарды қолдануды келісімдейді;

16) балықтардың сөзсіз қырылуына әкеп соғатын қырылу қаупі туындаған
және су объектілерін немесе олардың бөліктерін ағымдағы балық шаруашылық
мелиорациялауды жүргізу жолымен мұндай қауіпті болдырмау мүмкін болмаған
жағдайларда ғылыми ұсынымдар негізінде балықтарды мелиорациялық аулау
т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы ;

1 7) м ы н а л а р д ы :

сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін, олардың
бөліктері мен дериваттарын алу жөнінде;

жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын
пайдалануға шектеу мен тыйым салу енгізу жөнінде;

біліктілік талаптарына сәйкес келген, шарттық міндеттемелер орындалған
жағдайда бұдан бұрын бекітілген, бекіту мерзімі өтіп кеткен аңшылық алқаптары
мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін олар
бекітілген тұлғалардың өтінімі бойынша оларды конкурстық қайта бекіту
ж ө н і н д е ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і

18) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе)
учаскелерінің тізімін жасайды;

1 9) м ы н а д а й :

аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу қағидаларының сақталуына;

аң аулау және балық аулау қағидаларының сақталуына;

жеке және заңды тұлғалардың аңшылық және балық шаруашылығын жүргізу
ш а р т т а р ы т а л а п т а р ы н ы ң о р ы н д а л у ы н а ;

жануарларды еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұстау тәртібінің,
сондай-ақ зоологиялық коллекциялардың сақталуына;

жануарлар дүниесін пайдалануға белгіленген шектеулер мен тыйым
с а л у л а р д ы ң с а қ т а л у ы н а ;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану бойынша іс
ш а р а л а р д ы ң о р ы н д а л у ы н а ;

жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды
және жерсіндіруді жүргізу тәртіптерінің сақталуына;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы
н о р м а т и в т е р д і ң с а қ т а л у ы н а ;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы
Қазақстан Республикасы заңнамаларының өзге де талаптарының орындалуына
б а қ ы л а у д ы і с к е а с ы р а д ы ;

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) өзінің құзыреті мәселелері бойынша көзделіп отырған жобалардың редакцияларын қоса тіркеп, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу немесе оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды заңнамада белгіленген тәртіппен сұратады және алады;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Инспекцияның қызметін ұйымдастыру

16. Инспекцияны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын басшы басқарады. Басшының Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары (лары) болады.

17. Басшы Инспекцияның жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Инспекцияға жүктелген міндеттердің орындалуын және оның өз функцияларын жүзеге асыруын, сондай-ақ шығыс құжаттарының сапасы мен уақтылығын, сондай-ақ республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

18. Осы мақсаттарда басшы:

1) орынбасарларынан басқа, Инспекция қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) Инспекция қызметкерлерінің, Инспекцияның құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Инспекция қызметкерлерін ынталандырады және оларға тәртіптік жазалар қолданады, сондай-ақ Комитет төрағасына өз орынбасарларын ынталандыру және оларға тәртіптік жазалар қолдану туралы ұсыным береді;

4) өзінің құзіреті шегінде Инспекцияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға бағытталған шаралар қолданады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қолданылуына жеке жауапкершілікте болады.

5) бұйрықтарға қол қояды;

6) Инспекцияның құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін және

7) мемлекеттік органдарда, өзге ұйымдарда сенімхатсыз Инспекцияның өкілі
б о л а д ы .

4. Инспекцияның мүлкі

5. Инспекцияны қайта ұйымдастыру және тарату

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы (бұдан әрі - Инспекция) орман және балық шаруашылығы, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында атқару, бақылау және қадағалау функцияларын орындауға уәкілетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Инспекция Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватының қызметін және Торғай мемлекеттік зоологиялық қаумалының қорғалуын және Ақтөбе облысы әкімшілік шекарасының шегіндегі Тобыл-Торғай бассейнінің су айдындарында (су қорғау белдеуі мен аймағын, жағалау жиегін және санитарлық қорғау аймағын қоса алғанда) бақылау мен қадағалауды, сондай-ақ қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға уәкілетті.

2. Инспекция өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Инспекция Комитетке ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. Инспекция өзінің атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті болса, Инспекцияның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болады.

6. Инспекция өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Инспекция басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Инспекцияның құрылымы және штат санын Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің жалпы саны шегінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрімен келісім бойынша бекітеді.

8. Инспекцияның заңдық мекен жайы: 030006 Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Набережная көшесі, 11.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі

аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Инспекцияны ұстауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Инспекцияның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәселесінде Инспекцияның кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуіне жол берілмейді.

Инспекцияға заңнамалық актілер оған табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру жөнінде құқық берген жағдайда мұндай қызметтен алынған табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Инспекцияның негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері: орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын орындау.

14. Функциялар:

1) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдарының орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша қызметін үйлестіру және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

3) облыстардың орман шаруашылығымен айналысатын жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесі басшысының, сондай-ақ орман мекемелері мен табиғат қорғау ұйымдары басшыларының орман қорының жай-күйі, оны күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру мәселелері бойынша есебін тыңдау;

4) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ ормандардың жай-күйі мен молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды орман шаруашылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұру, шектеу, тоқтату;

5) Қазақстан Республикасының орман заңнамасы, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы аясындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау;

6) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану үшін төлемақы ставкаларының (өсіп тұрған күйінде босатылатын сүрек үшін ставкаларды қоспағанда) өзі әзірлеген жобаларын облыстың жергілікті атқарушы органымен келісу;

7) орман шаруашылығы, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексерулер арқылы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

8) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарының сақталуын анықтау мақсатында жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметін тексереді;

9) рұқсаттар береді:
сирек кездесетіндерін және құрып кету қаупі төнгендерін қоспағанда, жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге;

екі және одан да көп облыстарда орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу мақсатында аулау үшін жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар береді;

10) акваөсіруді дамыту үшін балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін пайдалау жөнінде шарт жасайды;

11) мыналарды ұйымдастырады және (немесе) қамтамасыз етеді:
аңшылық алқаптарының және балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорындағы жануарлар дүниесінің өсімін молайтуды және мемлекеттік есепке алуды;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ғылыми зерттеулер мен жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізуді;

жануарлар дүниесін мемлекеттік есепке алуды, оның кадастры мен мониторингін жүргізуді;

балықтың қырылу қаупі бар су айдындарында және (немесе) учаскелерінде аулауды;

12) зоологиялық коллекциялар тізілімін жүргізеді, интернет-ресурста орналастырады және тоқсан сайын жаңартады;

13) балықтың қайдан ауланғаны туралы анықтаманы береді;

14) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастықты және халықаралық келісімдер мен шарттарды

і с к е

а с ы р у д ы ;

бақылау үшін аулауды, интродукциялау, реинтродукциялау және
будандастыру мақсатында аулауды;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде
әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізеді;

15) су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды;
